

Жергілікті атқарушы органдардың 2022–2024 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 13 маусымдағы № 43 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 15 маусымда № 28461 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 164-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған жергілікті атқарушы органдардың 2022–2024 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Инвестициялық саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

А. Куантыров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 13 маусымдағы
№ 43 бұйрығымен
бекітілген

Жергілікті атқарушы органдардың 2022-2024 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері

Ескерту. Лимиттер жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.12.2022 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

МЫҢ ТЕҢГЕ

P/c №	Жергілікті атқарушы орган	Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиті					
		2022 жыл		2023 жыл		2024 жыл	
		ЖАО МЖӘ ММ лимиті	Қабылдау лимиті	ЖАО МЖӘ ММ лимиті	Қабылдау лимиті	ЖАО МЖӘ ММ лимиті	Қабылдау лимиті
1	Абай облысы	31 967 302	31 967 302	33 771 371	33 771 371	35 073 437	35 073 437
2	Ақмола облысы	57 459 504	57 274 611	54 282 934	54 129 262	58 718 419	58 718 419
3	Ақтөбе облысы	55 319 224	50 121 017	57 132 008	52 728 170	61 854 353	58 992 517
4	Алматы облысы	78 083 781	37 684 566	106 469 007	71 274 152	115 357 145	89 420 744
5	Атырау облысы	98 347 607	26 116 455	94 656 804	32 808 670	102 760 292	53 178 137
6	Батыс Қазақстан облысы	41 970 279	41 527 575	40 465 001	40 310 365	43 823 767	43 740 966
7	Жамбыл облысы	59 931 803	54 042 070	59 518 205	50 099 216	64 349 923	57 235 102
8	Жетісу облысы	47 949 580	47 949 580	49 609 904	49 609 904	50 731 989	50 731 989
9	Қарағанды облысы	67 720 865	67 720 865	78 938 286	78 938 286	85 520 435	85 520 435
10	Қостанай облысы	56 284 881	54 233 953	52 190 421	50 168 738	56 485 709	55 722 507
11	Қызылорда облысы	52 199 754	47 724 274	51 658 435	47 713 902	55 828 219	55 722 507
12	Маңғыстау облысы	38 978 547	24 982 285	44 324 891	42 589 759	48 067 266	46 558 857
13	Павлодар облысы	64 583 494	61 729 507	48 167 135	47 546 064	52 221 426	52 163 944
14	Солтүстік Қазақстан облысы	43 934 513	38 288 193	41 822 263	37 175 351	45 222 605	41 724 959
15	Түркістан облысы	262 972 381	162 306 386	258 956 205	163 730 081	279 855 205	235 237 280

16	Ұлытау облысы	17 380 226	17 380 226	19 040 595	19 040 595	20 602 499	20 602 499
17	Шығыс Қазақстан облысы	54 024 424	34 456 502	81 376 759	65 798 196	88 061 708	77 515 802
18	Алматы қаласы	493 407 687	457 942 797	390 719 865	358 763 129	424 078 014	404 092 814
19	Астана қаласы	290 965 671	215 808 471	258 203 340	189 421 158	280 156 697	230 174 631
20	Шымкент қаласы	205 268 625	178 122 832	154 107 527	128 951 563	166 881 177	147 104 198
	Жиыны:	2 118 750 147	1 707 379 466	1 975 410 957	1 614 567 933	2 135 650 285	1 896 571 151

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

МЖӘ ММ – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер